

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 маусымдағы N 205-ІІ Заңы

1-бап. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 . 1 - б а п т а :

1) е к і н ш і а б з а ц т а :

"оның ішінде" деген сөздер мен ",табиғи ресурстардың жанды әрі жансыз" деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

"ауаны" деген сөзден кейін "Жердің озон қабатын" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"экологиялық нормалау - адамның өмір сүруі мен биологиялық алуан түрлілікті сақтау үшін қолайлы ортаны айқындайтын және қамтамасыз ететін ережелердің (нормалардың) және олардағы қоршаған ортаның жай-күйі мен оған ықпал ету дәрежесін бағалаудың сан және сапа көрсеткіштерінің (нормативтерінің) жүйесі,";

3) мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"қолайлы қоршаған орта - объектілерінің жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, ластануға жол бермеуді, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және ұтымды пайдалануды қ а м т а м а с ы з е т е т і н о р т а ;

қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін нұқсан (зиян) қоршаған ортаны ластау немесе тірі организмдер мен адамның ауыруын, жұтауын немесе қырылуын, табиғи ресурстардың сарқылуын туғызған немесе туғызатындай етіп табиғи ресурстарды белгіленген нормативтерден тыс алып қою;

қоршаған ортаны ластауға лимиттер - ластағыш заттардың, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының жалпы түсу көлемінің, сондай-ақ қоршаған ортаға шудың, тербелістің, магнитті өрістер мен өзге де зиянды физикалық ықпалдар әсері деңгейлерінің қолайлы қоршаған орта сақталатын шектері;

табиғи ресурстарды алып қою лимиттері - биологиялық ресурстардың табиғи молығуы бұзылмайтын және пайдалы қазбаларды ұтымды пайдалануға кепілдік беретіндей етіп табиғи ресурстарды саны жағынан ықтимал пайдалану шектері;

ластауға квота - нақты табиғат пайдаланушыға белгілі бір мерзімге бөлінетін ластау

лимитінің

бөлігі;

табиғи ресурстарды алып қою квотасы - нақты табиғат пайдаланушыға белгілі бір мерзімге бөлінетін алып қою лимитінің бөлігі;

шығарылудың, тасталудың үлес нормативі - өнімнің, қуаттың, көлік немесе өзге де жүріп-тұру құралдарының бірлігіне шаққанда атмосфераға, су объектілеріне зиянды (ластаушы) заттарды шығарудың, тастаудың ең көп массасының нормативі, ол шығарылудың, тасталудың, технологиялық процестер мен жабдықтардың қозғалмалы, тұрақты көздері үшін белгіленеді;

өндіріс және тұтыну қалдықтары - антропогендік қызмет салдарынан пайда болған, бұдан әрі пайдалануға жатпайтын, кез-келген агрегаттық күйдегі заттар мен материалдар;

қоршаған ортаға ықпал етудің жол берілетін шекті нормативтері - экологиялық жүйелердің тұрақтылығын бұзуға әкеп соқпайтын, қоршаған ортаға барынша жасалуы мүмкін антропогендік ауыртпалық;

ластағыш заттардың шығарылуы мен тасталуына жол берілетін шекті нормативтері - атмосфераға, су объектілеріне, топыраққа шығарылатындар мен тасталатындардағы ластағыш заттардың, қоршаған ортаға жасалатын физикалық ықпалдық ол жасалған жағдайда жол берілетін ауыртпалықтың экологиялық нормативтерінің сақталуын қамтамасыз ететін көлемі;

ластағыш заттардың қордалануы мен ықпал ету деңгейінің жол берілетін шекті нормативтері - атмосфералық ауада, су объектілерінде, топырақта ластағыш заттардың жол берілетін құрамының және қоршаған ортаға физикалық факторлар ықпалының адам денсаулығын сақтау және өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиянды әсеріне жол бермеу мақсатында белгіленетін шамасы;

экологиялық қауіп - антропогендік және табиғи ықпалдар әсерінің, соның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар себептерінен қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын және осыған байланысты жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жағдай."

2 . 7 - б а п т а :

1) үшінші абзацта "ұлттық (мемлекеттік)" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) төртінші абзацтағы "мемлекеттік комитеттердің," деген сөздер алып тасталсын;

3) жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны ластағаны және табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін ақы алудың тәртібін белгілейді және ставкаларын бекітеді;"

4) тоғызыншы абзац алып тасталсын;

5) он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны ластауға рұқсат беру тәртібін бекітеді;"

6) он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингін жүргізудің құрылымын, мазмұны мен тәртібін белгілейді және Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастырудың және жүргізудің ережесін бекітеді";

7) он төртінші абзацтағы ", сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндетті стандарттау мен сертификаттауға жататын біртекті өнім (жұмыс, қызмет) топтарының тізбесін" деген сөздер алып тасталсын;

8) он жетінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"төтенше экологиялық жағдайды хабарлау ережесін бекітеді";

3 . 8 - б а п т а :

1) бірінші бөліктегі "және ведомство үстінен мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады" деген сөздер алып тасталсын;

2) е к і н ш і б ө л і к т е :

екінші абзацтағы "ұлттық (мемлекеттік)" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын ;

үшінші абзацта "қоршаған орта сапасының нормативтері" деген сөздер "экологиялық нормативтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады";

4 . 1 0 - б а п т а :

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"қоршаған ортаны ластағаны үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган ұсынған төлем ставкаларын келіседі.";

2) 2 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы "экологиялық сараптаманы", деген сөздер алып тасталсын;
төртінші абзацтағы "қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін ақы мөлшерін бекітеді," деген сөздер алып тасталсын.

5. 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи ресурстарға меншік нысаны Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленеді."

6 . 1 5 - б а п т а :

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Қоршаған ортаны ластауға және табиғи ресурстарды алып қоюға лимиттер мен квоталар";

2) бірінші бөлік алып тасталсын;

3) екінші бөлікте "қоршаған орта сапасының қолданылып жүрген нормативтеріне"

деген сөздер "қолданылып жүрген экологиялық нормативтерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

7 . 1 6 - б а п т а :

"берілетін" деген сөздің алдынан "жыл сайын" деген сөздермен толықтырылсын;

"арнайы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын және "шығару мен тастауға" деген сөздерден кейін "құқығын" деген сөзбен толықтырып, "өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға, табиғат пайдаланудың нақты мерзімі мен көлемі, нормалар, ережелері және қолданылатын технологиясы көрсетілген" деген сөздер "табиғат пайдаланудың нақты мерзімі мен көлемін, нормаларын, шарттарын және қолданылатын технологияны көрсете отырып, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

8 . 2 0 - б а п т а :

1-тармақта үшінші абзацтағы "белгіленген" деген сөзден кейін "экологиялық нормативтер мен" деген сөздермен толықтырылсын, "және қоршаған орта сапасының нормативтерін" деген сөздер алып тасталсын;

бесінші абзацтағы "белгіленген тәртіппен жүргізуге" деген сөздер "жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

9 . 2 3 - б а п т а :

1) е к і н ш і б ө л і к т е :

"жекелеген қызмет" деген сөздер "шаруашылық қызметтің жекелеген" деген сөздермен толықтырылсын, "қоршаған ортаны қорғау саласындағы" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

2) бесінші бөлікте "арнаулы мемлекеттік уәкілетті органмен" деген сөздер "орталық атқарушы органмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

1 0 . 2 4 - б а п т а :

1) 1-тармақтағы "арнайы уәкілдік берілген" деген сөздер алып тасталсын;

2) 3-тармақ "жұмыс істейді" деген сөздерден кейін ", оны ұйымдастыру және жүргізу ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді." деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) 4 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

4) 5-тармақта "органдар" деген сөзден кейін "басқарушылық және" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5) мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Барлық мемлекеттік органдар қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру жөніндегі қажетті ақпаратты тегін, заңдарда белгіленген нысандар бойынша және мерзімде табыс етіп отырады."

1 1 . 2 5 - б а п т а :

1) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өндірістік мониторингтің деректері мен қоршаған ортаға ықпал ету туралы есептілік Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органына заңдарда белгіленген мерзімдерде беріліп отырады.";

2) мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қоршаған ортаға ластағыш заттар нормадан тыс шығарылған (тасталған), авариялық және төтенше жағдайлар туындаған реттерде, табиғат пайдаланушы кәсіпорындар ол туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға заңдарда белгіленген мерзімде жедел хабарлауға міндетті.".

1 2 . 2 7 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігінде "ұлттық (мемлекеттік)" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын.

1 3 . 2 9 - б а п т а :

1) екінші бөлікте "заңдарда белгіленген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдердің ставкаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган әзірлейді, жергілікті өкілді органдармен келісіледі және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.".

1 4 . 3 2 - б а п т а :

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Экологиялық сақтандыру қоршаған ортаға, басқа адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан шарттан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі туындаған кездегі жеке және заңды тұлғаның мүліктік құқықтарын (сақтандырылғандарын) қорғауға байланысты қатынастар кешені болып табылады.";

2) мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Міндетті экологиялық сақтандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.".

15. 33-бап алып тасталсын.

16. 34-бап алып тасталсын.

17. VIII тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"VIII тарау. Экологиялық нормалау".

1 8 . 3 5 - б а п т а :

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Экологиялық нормалардың негізгі міндеттері мен талаптары";

2) бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Экологиялық нормалау қоршаған ортаға ықпал етудің экологиялық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығын сақтауға кепілдік беретін, қоршаған ортаның ластануын болдырмауды, табиғи ресурстарды молықтыруды және ұтымды пайдалануды

қамтамасыз ететін, ғылыми негізделіп жол берілетін шекті нормаларын белгілеу
мақсатын көздейді."

3) екінші бөлікте:

бірінші абзацта "Қоршаған ортаны нормалаудың" деген сөздер "Экологиялық нормалаудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "қоршаған орта сапасының өлшемдерін" деген сөздер "экологиялық нормаларды" деген сөздермен, "оның" деген сөз "олардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) бесінші бөлікте "Қоршаған орта сапасының бекітілген нормативтері" деген сөздер "Бекітілген экологиялық нормативтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) алтыншы бөлік алып тасталсын.

19. 36 - бапта:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Экологиялық нормативтердің негізгі түрлері";

2) бірінші бөлікте:

бірінші абзацта "Қоршаған орта сапасы нормативтерінің" деген сөздер "Экологиялық нормативтердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

Қазақша мәтінде жетінші абзацтағы "жатады" деген сөз алып тасталып, "нормативтері" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылсын және мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"зиянды (ластағыш) заттарды шығарудың, тастаудың үлес нормативтері жатады.";

3) екінші бөлікте "қоршаған орта сапасы нормативтерінің" деген сөздер "экологиялық нормативтердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. 46 - бапта:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"46-бап. Қоршаған ортаға ықпалды бағалаудың міндеттілігі";

2) үшінші бөлікте "қорғау жөнінде арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен" деген сөздер "қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. 60 - бапта:

1) 1-тармақта "арнайы уәкілетті атқарушы органдармен" деген сөздер "орталық атқарушы органмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын.

"1.1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның рұқсатынсыз қоршаған ортаға ластағыш заттарды шығаруға және тастауға, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға тыйым салынады."

22. 67-бапта:

1) 1-тармақтағы өзгерістің қазақ тіліндегі мәтінге қатысы жоқ;

2) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін құру мақсаттарына, қорғау режимдеріне және пайдалану ерекшеліктеріне қарай ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мынадай түрлері құрылады:

биосфералық қорықтарды қоса, мемлекеттік табиғи қорықтар;

мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;

мемлекеттік табиғи резерваттар;

мемлекеттік табиғи парктер;

мемлекеттік табиғат ескерткіштері;

мемлекеттік қорықтар өңірлері;

мемлекеттік табиғи қорғалымдар;

мемлекеттік зоологиялық парктер;

мемлекеттік ботаникалық бақтар;

мемлекеттік дендрологиялық парктер;

мемлекеттік табиғи қорықтар-сепортерлер.

Қазақстан Республикасының заңдарымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда өзге түрлері де көзделуі мүмкін."

23. 76-баптың 2-тармағындағы "ведомстволық," деген сөз алып тасталсын.

2 4 . 7 7 - б а п т а :

1) 1-тармақта "өз құзыреті шегінде арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "саласында арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздер "саласындағы орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацта "мемлекеттік" деген сөздің алдынан "экологиялық аудит" деген сөздермен толықтырылсын, "оның" деген сөз "олардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы абзац "әкелуге" деген сөзден кейін "(әкетуге)" деген сөзбен толықтырылсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"экологиялық талаптар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарды бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметті шектеу және тоқтата тұру туралы сот органдарына арыз беруге;"

оныншы абзацта "адамдарға осы залалды ерікті түрде өтеу туралы талаптар қоюға немесе сотқа талап - арыз беруге" деген сөздер "адамдардан осы залалды ерікті түрде өтеу туралы талап етуге немесе сотқа талап қоюға" деген сөздермен ауыстырылсын;

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өндірістік экологиялық бақылаудың және мониторингтің нормалары мен ережелерінің сақталуын тексеруге;"

мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарды бұзушылардың әрекеттерін болғызбау немесе олардың жолын кесу үшін ішкі істер, прокуратура және ұлттық қауіпсіздік органдарынан көмек сұрауға және оны алуға;"

3) 3-тармақтың бірінші бөлігінде "арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздер және үшінші бөлігінде "арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздер тиісінше "орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

2 5 . 7 8 - б а п т а :

1) тақырыптағы және мәтіндегі "ведомстволық және" деген сөздер алып тасталсын;

2) "арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздер "орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. 79-баптың бірінші бөлігінде "арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен" деген сөздер "орталық атқарушы органмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заңның 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабы 4-тармағының 1) тармақшасы мен 13-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті